

Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті(бұдан әрі-ОҚУ) Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Д.П. Қожамжарова және Жарғы негізінде әрекет ететін Ташкент тоқыма және жеңіл өнеркәсіп институты (бұдан әрі-ТТЖЖӨИ) атынан ректор И. К. Сабиров, екінші жағынан, бірлесіп "Тараптар" деп аталады, білім берубағдарламасы, ғылым және мәдениет саласындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту және оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында «Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы» және «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялау» осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаға сәйкес магистрлік бағдарламалар шеңберінде екі диплом бере отырыпғылыми-зерттеу жобасының әзірлеушісі болып табылады.

2020-2021 оқу жылында ішкі академиялық ұтқырлық бойынша карантин байланысты online оқыған себебінен Алматы технологиялық университетіне (Алматы қ.) магистранттарды жібере алмадық.

2021 жылдың 1-12 ақпан аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде, "Тоқыма және тамақ инженериясы" Жоғары мектебі ұйымдастыруымен онлайн-форматта "Smart Textile & Design" Қысқы мектебі өтті.

Қысқы мектептің спикерлері тоқыма, жеңіл өнеркәсіп және сән индустриясы саласындағы жетекші ғылыми орталықтардың, сән үйі мен оқу орындарының жетекші профессорлары мен мамандары болды:

- Akdeniz University (Ақдениз университеті) Анталия қаласы – Түркия;
- Ege University (Эгей университеті) Измир қаласы – Түркия;
- А. н. Косыгин атындағы Ресей мемлекеттік университеті, Мәскеу қ. – Ресей;
- Иваново мемлекеттік политехникалық университеті, Иваново қ. – Ресей;
- Омбы мемлекеттік техникалық университеті Омбы қаласы-Ресей;
- «Жанна Елтанова» сән үйі;
- М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті.

Қысқы мектепке академиялық ұтқырлық бойынша кафедрадан 3 магистрант және Тараз өңірлік университетінен 2 магистрант қатысты.